

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою жөніндегі шаралар және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 қыркүйектегі N 908 Қаулысы

Атырау облысы Мақат ауданының тұрғын үй ғимараттары мен тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінің қирауына әкеп соқтырған нөсер жаңбыр мен дауыл желдің салдарынан туындаған өңірлік аумақты төтенше жағдайды жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облысының әкіміне:

1) Атырау облысы Мақат ауданының Мақат және Доссор кенттеріндегі төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін - тұрғын үйлерді, автомобиль жолдарын, сумен жабдықтау және кәріз жүйесін, Атырау - Мақат су тартқышын және газбен жабдықтау жүйесін салуға және күрделі жөндеуге 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 200000000 (екі жүз миллион) теңге;

2) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган шығарған мемлекеттік бағалы қағаздардың тиісті түрлері бойынша кірістіліктің орташа өлшемді ставкасына тең белгіленетін сыйақы ставкасын есептей отырып, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген шараларды жүзеге асыру үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің кассалық алшақтығын жабуға кредит беруге арналған Қазақстан Республикасының Үкіметі арнайы резервінің қаражатынан 400000000 (төрт жүз миллион) теңге мөлшерінде кредит бөлінсін.

2. Ауыл шаруашылығы министрлігі белгіленген тәртіппен 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен Атырау - Мақат су тартқышын салуды және қалпына келтіруді жүзеге асырсын.

3. Акционерлік қоғамдарға (келісім бойынша):

1) "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" Атырау облысының Мақат ауданында тұрғын үйлерді және инженерлік жүйелерді салуға жәрдем көрсету;

2) "ҚазақстанТемірЖолы" ұлттық компаниясы" Атырау облысының Мақат ауданы Мақат кентінде тұрғын үйлерді салуға жәрдем көрсету;

3) "КЕГОК" ұлттық компаниясы" Атырау облысының Мақат ауданы Мақат кентінде электр өткізгіштерінің жаңа желілерін және трансформатор шағын станцияларын салуға жәрдем көрсету ұсынылсын.

4. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы", ("ҚазақстанТемірЖолы" ұлттық компаниясы", "КЕГОК" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамдары және тиісті мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген төтенше жағдайлар салдарын жою және іс-шараларды іске асыру бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ықтимал берушіні (берушілерді) таңдау жөнінде бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүргізсін.

5. Атырау облысының әкімі және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің апат аймақтарында жекелеген сызбалар мен сметалар бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі:

1) Атырау облысының әкімімен заңнамада белгіленген тәртіппен кредит келісімін ж а с а с у д ы ;

2) бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Атырау облысының әкімі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігіне орындалған жұмыстардың көлемі және құны туралы есеп берсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі